



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№8 (2011) 23 АҚПАН 2026 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі, Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Аида Балаева бастаған Жалпыұлттық коалиция өкілдері IT саласының мамандары және белсенді жастармен кездесті.

Коалиция өкілдері жастармен кездесті



адами капиталға негізделген даму кезеңіне қадам басқанын айқын көрсететінін атап айтты. «Жаңа Конституция жоба-

сында адами капитал ел дамуының басты басымдығы ретінде нақты айқындалған. Білім, ғылым, мәдениет және инновацияға ерекше мән беріледі, ал ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау конституциялық принциптер деңгейіне көтеріледі. Бұл мемлекеттің болашағы тек табиғи ресурстарға ғана емес, ең алдымен зияткерлік әлеуеті жоғары, білімді азаматтарға да сүйенетінін көрсетеді», – деді министр. Сонымен қатар министр жастарды алдағы жалпыхалықтық референдумға белсенді қатысуға, өз азаматтық ұстанымын білдіріп, дауыс беруге шақырды.



ҚР Президентінің кеңесшісі ҚазҰУ-ға келді

Қазақстан Республикасы Президентінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Алексей Владимирович Цой Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келді. Сапардың мақсаты – еліміздің жетекші жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу әлеуеті және университет кампусының инфрақұрылымын жаңғырту жобаларының барысымен танысу.

Сапар бағдарламасы ауқымды кампус-турдан басталды. Алексей Цойға «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығының 10 алдыңғы қатарлы зертханасының жұмысы, сондай-ақ Farabi Supercomputer Center, Ми институты және бірлескен Қазақстан – Қытай қашықтықтан зондтау зертханасы сияқты бірегей технологиялық алаңдар көрсетілді. Кеңесшінің ерекше назарын КУКА және HUIBO робототехника орталықтары, сондай-ақ отандық медицина үшін қолданбалы

өзірлемелер жүргізіліп жатқан Дәрілік өсімдіктер ғылыми-зерттеу орталығы аударды.

Кездесуде ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу орнының әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағыттарына тоқталды.

Өз кезегінде Алексей Цой университеттің инновациялық қызметіне және оның әлеуметтік саланы дамытуға қосқан үлесіне жоғары баға берді.

Гүл БАЯНДИНА

Кездесуді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, қонақтарды оқу орнының робототехника және цифрлық технологиялар бағытындағы жетістіктерімен таныстырды. Ректор алдағы 15 наурыздағы жалпыхалықтық референдумның тарихи маңызын ерекше айтып, әр азаматтың белсенді ұстанымы ел болашағына тікелей әсер ететінін жеткізді.

Өз сөзінде Аида Балаева жаңа Конституция жобасы елдің шикізаттық модельден



Құндылықтар айқындалған конституциялық жоба

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстандағы конституциялық реформа: мемлекет институттары мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының құқықтық негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Талқылауға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, прокуратура органдарының басшылығы, сондай-ақ жетекші заңгер-ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Кездесуді ашқан ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Рек-

тор Жансейіт Түймебаев жаңа Конституция жобасында «айрықша жаңашылдығымен ерекшеленетін» негізгі идеялар көрініс тапқанын атап өтті.

«Конституция жобасында мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны дамыту, та-

биғатқа жанашырлықпен қарау, барлық мемлекеттермен бейбітшілік пен достықты нығайту сияқты жаңа құндылықтар айқындалған. Бұл ережелер ел азаматтарының барлығын біріктіретін іргелі құндылықтарды айшықтайды», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан, Мәжіліс де-



путаты, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ерлан Стамбеков және Мәжіліс депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ирина Смирнова сөз алды. Халық

қалаулылары өз сөздерінде конституциялық реформаның елдегі демократияландыру бағытының заңды жалғасы екеніне назар аударды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

2-бет

Қазақстан – Сингапур кванттық технологиялар орталығы ашылды



5-бет

Жамбыл – табиғат жыршысы



8-бет

Баспасөз хатшыларының отырысы өтті



Қазақстан – Сингапур кванттық технологиялар орталығы ашылды

Орталығы ашылды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Farabi Hub инновациялық өнімдер және жоғары технологиялық жобалар орталығында Қазақстан – Сингапур кванттық технологиялар орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. ASTRA-SEC PTE. LTD (Сингапур) және «Qubiterra» ЖШС технологиялық серіктестерімен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан жоба Қазақстанның ұлттық кванттық экожүйесін қалыптастырудың негізіне айналмақ.

Орталық қызметі іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге, зерттеушілерді, инженерлерді және технологиялық кәсіпкерлерді қамтитын жаңа буын мамандарын даярлауға, кванттық қорғалған байланыс пен есептеу шешімдерін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар орталық озық халықаралық тәжірибелерді трансферлеуге, бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен технологиялық стартаптарды іске қосуға жұмыс істейді.

Бірінші кезеңде заманауи фотондық жүйелермен және оқу-тәжірибелік инфрақұрылыммен жабдықталған кванттық криптография және кванттық байланыс зертханасы іске қосылды. Бұл ғылыми зерттеулер жүргізуге және мамандарды практикалық даярлауға мүмкіндік береді.

Іс-шараға қатысушыларды ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтап, жобаның ғылым мен жоғары білімді дамыту, цифр-

лық және технологиялық қауіпсіздікті күшейту, инновациялық экономиканы қалыптастыру және маңызды салаларға кадр даярлау бағытындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келетінін айтты. «Бүгінде әлем кванттық революцияның қарсаңында тұр. Оның маңыздылығы – дәстүрлі кремний технологияларына негізделген заманауи цифрлық, коммуникациялық және есептеу жүйелерінің әлеуеті өзінің шарықтау шегіне жеткенінде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасындағы бұл орталық еліміздің ғылымы мен экономикасын дамытуға жаңа мүмкіндіктерге жол ашады», – деп атап өтті министр.

Жиында ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, ғылым мен бизнестің ықпалдасуының стратегиялық маңызына тоқталды. Оның айтуынша, университет әлемдік деңгейдегі инновациялар тоғысатын орталыққа айналып келеді. «Жаңа орталықтың құрылуы – ҚазҰУ-ды әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру стратегиясын іске асыру-

дағы маңызды қадам. Біз болашақ технологияларын жасау үшін қуатты академиялық әлеуетті сингапурлық серіктестердің озық тәжірибесімен біріктіреміз. Қазақстан мен Сингапурдың кванттық саладағы ынтымақтастығы синергетикалық өсер береді», – деді ректор.

Салтанатты рәсімде сондай-ақ ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Цифрлық активтер және серпінді технологиялар комитетінің төрағасы Физат Байтұрсынов, ҚР энергетика вице-министрі Ілияс Нәссенұлы, ҚР Қорғаныс министрлігі Цифрландыру департаментінің директоры Серік Божғұлов және басқа да қатысушылар сөз сөйледі.

Орталықтың ашылуына арналған іс-шаралар аясында «Қазақстан – Сингапур кванттық технологиялар орталығы – ұлттық кванттық экожүйенің өсу нүктесі» тақырыбында жабық деңгелек үстел отырысы өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Қазақстан мен Қырғызстандағы Израиль мемлекетінің төтенше және өкілетті елшісі Йоав Быстрицкий арасында маңызды кездесу өтті.

Келіссөз барысында ректор университеттің жетекші зерттеу орталығы ретінде жоғары мәртебесін атап өтіп, оның халықаралық аренадағы жетістіктерін баяндады. «ҚазҰУ әлемнің үздік 200 университетінің қатарына кіріп, QS WUR 2026 рейтингінде 166-орынды

иеленді. Біздің ғылыми инфрақұрылымымызға 8 ғылыми-зерттеу институты, 140 зертхана және 29 ғылыми орталық кіреді. Қазір ҚазҰУ кампусының 2-кезең құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр, нәтижесінде жаңа ғимараттар мен студенттік жатақханалар салынады. Біз Израильдің жоғары технологиялық орталықтары және университеттерімен жемісті серіктестік орнатуға мүдделіміз», – деп атап өтті ректор.

Өз кезегінде Йоав Быстрицкий білім алмасуды жеделде-

туге Израиль тарапының қызығушылығын білдірді. Елші Израиль университеттері қазақстандық студенттерді қабылдауға дайын екенін жеткізді. Израиль бірлескен бастамаларға ашық, бұл білім мен технологияларды тасымалдаудың көпірі болады», – деді дипломат.

Тараптар бірлескен жобаларды жүзеге асыру бойынша нақты қадамдарды талқылады, оның ішінде израильдік профессорларды PhD докторанттарға жетекшілік етуге шақыру да бар.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Академиялық байланысты арттыруға уағдаласты

Академиялық байланысты арттыруға уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Туғба Алан Өзденфедакар бастаған делегацияны қабылдады.

Сапар аясында мәртебелі меймандар университет басшылығымен кездесіп, ғылыми-білім беру және мәдени-гуманитарлық бағыттағы екіжақты ынтымақтастықты жандандыру мәселелерін талқылады.



Кездесу барысында университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың Түркия жоғары оқу орындарымен халықаралық серіктестікті жүйелі түрде дамытып келе жатқанын атап өтті. Университет басшысы академиялық ұтқырлық бағдарламалары табысты жүзеге асырылып жатқанын және ҚазҰУ қабырғасында Түркияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері жиі қонақ болатынын айтты. Олардың қатарында Түркияның экс-президенті Абдуллах Гүл және Президент әкімшілігінің басшысы Метин Кыратлы бар.

Сонымен қатар ректор кадр даярлаудың басым бағыттары бойынша ҚазҰУ мен Түркияның жетекші университеттері арасында бірлескен қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске қосуды перспективалы қадам ретінде бағалады. Цифрлық технологиялар, медицина, биотехнология, энергетика және тұркітану салаларында ортақ ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханалар құру бастамасын ұсынды. Мұндай жобаларды гранттық қаржыландыру арқылы жүзеге асырып,

екі елдің ғалымдарын кеңінен тарту көзделіп отыр.

Өз кезегінде Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Туғба Алан Өзденфедакар екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы диалогты нығайтудың маңызын атап өтіп, білім, ғылым және мәдениет салаларындағы бірлескен бастамаларды қолдауға дайын екенін жеткізді. Ол Түркияның білікті мамандар даярлау мен ортақ ғылыми-зерттеу орталықтарын құру бағытында ҚазҰУ-мен сенімді серіктес болу ниетін білдірді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Бірлескен жобаларды жүзеге асыру талқыланды





Медицина саласын цифрландыру мәселелері ҚОЗҒАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) делегациясымен ресми кездесу өткізді. Делегацияны Қазақстандағы ДДҰ өкілі, доктор Скендер Сыла бастап келді.

визитинг-профессорларды тартуда.

Кездесу барысында тараптар COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі өзара іс-қимыл тәжірибесін талқылап, факультет ғалымдарының ғылыми және клиникалық зерттеулерге белсенді қатысқанын атап өтті. Зерттеу нәтижелері беделді халықаралық ғылыми басылымдарда жарық көрген.

Сонымен қатар медицина саласын цифрландыру мәселелері қозғалды. 2025 жылы ҚазҰУ базасында құрылған Медицинадағы жасанды интеллект орталығы денсаулық сақтау жүйесіне озық технологияларды енгізуге бағытталған. Орталық шетелдік университеттермен және ірі технологиялық компаниялармен бірлесіп инновациялық жобаларды жүзеге асыруда.

Келіссөз барысында ректор Жансейіт Түймебаев ДДҰ-мен ынтымақтастықты кеңейту жөнінде бастама көтеріп, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, кадрлар даярлау және қайта даярлау бағытында бірлескен жобаларды жүзеге асыруды ұсынды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Университет басшысы оқу орнының ғылыми-білім беру әлеуеті мен даму басымдықтарын таныстырып, іргелі және қолданбалы ғылым салаларындағы жетістіктерге тоқталды. 2015 жылы құрылған медицина және денсаулық сақтау факультетінің қызметіне ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда факультетте 4000-нан астам студент білім алууда, оның ішінде 39 мемлекеттен келген 1800-ден астам шетелдік білім алушы бар. Факультеттің профессор-оқытушылар құрамы 288 маманды (401,67 штаттық бірлік) құрайды, олардың 25-і шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері. Пәндердің шамамен 80 пайызы ағылшын тілінде оқытылады. Университет академиялық ұтқырлықты жүйелі түрде дамытып, жыл сайын шетелдік

«Матенадаран» ежелгі қолжазбалар институтымен келісім

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Арменияның жетекші ғылыми-зерттеу орталығы – Месроп Маштоц атындағы «Матенадаран» көне қолжазбалар институтының директоры Араик Хзмалян бастаған делегацияны қабылдады.

«Матенадаранмен» ынтымақтастық перспективалары туралы сөз қозғағанда Жансейіт Түймебаев факультеттердің нақты жұмыс бағыттарын атап өтті. Ректордың айтуынша, университет армян тіліндегі аудармалардағы ортағасырлық мәтіндер туралы ақпарат алуға, мәмлүк сұлтандарының дипломатиялық хат-хабарларына қатысты материалдарды зерттеуге, Орталық Азиядан шыққан көрнекті ғалымдар туралы деректер жинауға мүдделі.

Кездесудің басты нәтижесі ынтымақтастық туралы мемо-



рандумға қол қойылуы болды. Құжатқа профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің өзара сапарлары, академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен студенттер алмасуы, ғылыми жарияланымдарды бірлесіп дайындау, жобаларды гранттық қаржыландыруға өтінімдер беру, практика базалары мен жұмысқа орна-

ластыру мүмкіндіктері туралы ақпарат алмасу сияқты негізгі бағыттар енгізілді.

Бұл күні Армениядағы Месроп Маштоц атындағы «Матенадаран» ежелгі қолжазбалар музей-институты өкілдері үшін кампус-тур ұйымдастырылды. Сондай-ақ делегация құрамы білім ордасына құнды кітаптар сыйлады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев халықаралық ынтымақтастықты нығайту аясында Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институтының делегациясын қабылдады.

Ректор ҚазҰУ-дың Өзбекстандағы 20 университет және институтпен, оның ішінде Қарақалпақстаннан үш ұйыммен белсенді жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да Өзбекстан Республикасынан 218 студент білім алууда. Оқу орнының студенттері мен оқытушылары Өзбекстан университеттерінде ғылыми тағылымдамалар, оқу бағдарламалары мен конференцияларға белсенді қатысуда.

«Біз студенттер мен оқытушылар үшін академиялық мобильділікті кеңейту, қысқа мерзімді ғылыми тағылымдамалар мен жазғы қысқы мек-

Ғылыми бағыттағы байланыс артады



тептер ұйымдастыру, бірлескен ғылыми жобаларды жүргізу және халықаралық жарияланымдар мен гранттық конкурстарға қатысу арқылы ықпалдас-тықты тереңдетуді қолдаймыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ тараптар ғылыми және оқу бағытындағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Саха (Якутия) Республикасы Мемлекеттік Жиналысы (Ил Тумэн) депутаты Александр Ивановпен кездесті.

Университет басшысы бұл іссапардың ұзақ мерзімді серіктестік орнатудағы маңызына тоқталды. Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ бүгінде іргелі ғылымды, инновацияны және халықаралық ынтымақтастықты ұштастырған жетекші ғылыми-білім беру орталығы ретінде мойындалғанын жеткізді. Университет зерттеу жобаларын белсенді дамытып, білім беру

Тәжірибе алмасуға қызығушылық танытты

үдерісін экономиканың нақты секторымен ықпалдастыруға басымдық беруде. Сонымен қатар жаһандық жобаларға қатысу және Еуропа мен Орталық Азияның жетекші жоғары оқу орындарымен серіктестік орнату халықаралық бағыттағы жүйелі жұмыстың нәтижесі екенін айтты.

«Саха Республикасы – табиғи-климаттық ерекшеліктері мен қуатты ресурстық әлеуеті бар стратегиялық маңызды өңір. Елдеріміздің ғылыми мектептері мен сарапшылық қауымдастықтары арасындағы өзара іс-қимыл бірлескен

зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын іске асыруға берік негіз болады», – деді ректор.

Александр Иванов тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс салалары үшін кадр даярлау бағытында тәжірибе алмасуға қызығушылық білдірді.

Кездесу қорытындысында қатысушылар бұл сапар ғылым, инновация және жастар саясаты балаларындағы жаңа бастамалар мен бірлескен жобаларға жол ашатынына сенім білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК





ҒЗИ-мен серіктестік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Ғылым ордасына» қарасты ғылыми-зерттеу институттарының директорларымен кездесу өткізді.

фия, саясаттану және дінтану институтының директоры Айгүл Сәдуақасова, «Ғылым ордасының» бас директоры Ұлар Мұқажанов және өзге де институт басшылары қатысты.

Жиын барысында ғылым мен өндіріс интеграциясын күшейту, жас ғалымдарды қолдау, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, халықаралық гранттарға қатысу мүмкіндіктерін арттыру және ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері кеңінен талқыланды.

Ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде университет пен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту отандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі тетігі екенін айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар нақты жобалар аясында бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеуге уағдаласты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жаңа пәтердің иесі атанды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылым саласын дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 14 жас ғалымға пәтер сертификаты табысталды.

Соның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы Аида Мұңайтпасова бар. Аида Нұрғалиқызы гео-

графия және табиғатты пайдалану факультетіндегі Метеорология және гидрология кафедрасында жұмыс істейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жасанды интеллект бағытында ғылыми жобаларды іске асырып жатқан оқу ордасының жас ғалымдарымен кездесті.

Жас зерттеушілер құрамында «AGI» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор Бағлан Иманбек, «AGI Labs» зертханасының меңгерушісі Нұрдаулет Тасмұраев және «Super Intelligence Labs» зертханасының меңгерушісі Бейбарыс Амангелді бар. Аталған ғалымдар қазіргі таңда медицина, ауыл шаруашылығы, жаңа технология, цифрландыру және өзге де салаларда жасанды интеллект көмегімен инновациялық жобаларды іске асыруда.

Жас ғалымдар зертханаларында жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалардың негізгі

Жас ғалымдармен жүздесу



бағыттары мен қол жеткізілген нәтижелері туралы баяндады.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев жас ғалымдардың бастамаларына жоғары баға беріп, университет тарапынан жан-жақты қолдау жалғасатынын атап өтті.

Сонымен қатар өз сөзінде ректор жас зерттеушілердің емін-еркін жұмыс істеулері үшін ғылыми зертханалардың аумағын кеңейтіп беруге жәрдемдесетінін жеткізді.

Әйгерім ӨУЕЗХАНҚЫЗЫ

Мемлекеттік ғылыми стипендия табысталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төрт жетекші ғалымы мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанды.

1. Әлия Ақтымбаева – география ғылымының кандидаты, доцент
2. Григорий Мун – химия ғылымының докторы, профессор



3. Ғалия Ирмухамбетова – химия ғылымының докторы
4. Нұрасыл Керімбаев – педагогика ғылымының докторы, профессор

Жас ғалымдар үшін берілетін мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлері:

1. Лаура Ағыбаева – доцент міндетін атқарушы
2. Серік Хохлов – доцент

Үздік ғылыми қызметкерлер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 6 ғалымы «Үздік ғылыми қызметкер – 2025» сыйлығының иегері атанды.

1. Гүлзағира Атаханова – профессор
2. Досбол Байғонақов – тарих ғылымдарының докторы
3. Гүлжаухар Көкебаева – тарих ғылымдарының докторы, профессор
4. Алмагүл Құрманова – медицина ғылымдарының докторы, профессор
5. Александр Рягузов – ассистент-профессор
6. Ирина Савицкая – профессор

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы еліміздің 37 жоғары оқу орнынан 150 оқытушыға берілді. Соның ішінде 38 оқытушы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еңбек етеді.

2025 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленген ҚазҰУ оқытушыларын құттықтаймыз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік атанған оқытушылары:

1. Ағыбаева Лаура Ерланқызы – Химия және химиялық технология факультеті
2. Ағишев Алдияр Талғатұлы – Физика-техникалық факультеті
3. Әлімғазина Назгүл Шәкерімқызы – Физика-техникалық факультеті
4. Әмірханова Гүлшат Аманжолқызы – Ақпараттық технологиялар факультеті

Республикалық байқаудың үздіктері

5. Ахтанов Саят Нүсіпбекұлы – Физика-техникалық факультеті
6. Байжұма Жандос Ескендірұлы – Физика-техникалық факультеті
7. Бахадүр Асқар Мұхтарұлы – Химия және химиялық технология факультеті
8. Бектемесов Жоламан Мақтағалиұлы – Механика-математика факультеті
9. Болатхан Кенжегүл – Биология және биотехнология факультеті
10. Жолдасбекова Баян Өмірбекқызы – Филология факультеті
11. Жұмағұлова Қарлығаш Нұрманқызы – Физика-техникалық факультеті
12. Жолдыбаева Ажар Қуанышбекқызы – Философия және саясаттану факультеті
13. Игнатова Людмила Викторовна – Биология және биотехнология факультеті

14. Исмайлова Ақмарал Ғазизқызы – Химия және химиялық технология факультеті
15. Құрманбаева Меруерт Сәкенқызы – Биология және биотехнология факультеті
16. Құттыбай Нұржігіт Бақытұлы – Физика-техникалық факультеті
17. Мархабаева Айымкүл Әлиханқызы – Физика-техникалық факультеті
18. Мұсағалиева Айжан Ниязбекқызы – География және табиғатты пайдалану факультеті
19. Мусина Айнұр Қайырқызы – География және табиғатты пайдалану факультеті
20. Нармұратова Мейрамкүл Хүдретқызы – Биология және биотехнология факультеті
21. Нұрмаханова Ақмарал Садыққызы – Биология және биотехнология факультеті
22. Өмірбекова Әнел Әділ-

- қызы – Биология және биотехнология факультеті
23. Сәбденова Гүлмира Есбатырқызы – Тарих факультеті
24. Сәрсембаева Талшын Сағдатбекқызы – Ақпараттық технологиялар факультеті
25. Сейтімова Гүлназ Әбсаттарқызы – Химия және химиялық технология факультеті
26. Сметенов Изат Темірғалиұлы – Биология және биотехнология факультеті
27. Супиева Жазира Асылбекқызы – Химия және химиялық технология факультеті
28. Тәукебаев Өміржан Жалғасбекұлы – География және табиғатты пайдалану факультеті
29. Тілеулесова Әйгерім Мекемтасқызы – Механика-математика факультеті
30. Тоқбергенова Айгүл Әбдіғабарқызы – География және табиғатты пайдалану факультеті

31. Тоқтабаева Әсел Қырғызбайқызы – Химия және химиялық технология факультеті
32. Төлеуханов Сұлтан – Биология және биотехнология факультеті
33. Төреханова Құндыз Момынқызы – Физика-техникалық факультеті
34. Тыныбеков Бекзат Мақұлбайұлы – Биология және биотехнология факультеті
35. Түсіпова Бақыт Баймұратқызы – Химия және химиялық технология факультеті
36. Уәлиева Перизат Серікқазықызы – Биология және биотехнология факультеті
37. Үркімбаева Перизат Ибрагимқызы – Химия және химиялық технология факультеті
38. Черикбаева Ләйла Шәріпқызы – Ақпараттық технологиялар факультеті

Жыраулық дәстүрдің, жыршылық өнердің көрнекті өкілі, суырыпсалма ақын Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ақынның әдеби мұрасы, ақындық шеберлігі мен суырыпсалмалық қабілеті аз қарастырмағаны анық. Арқыраған ақпанның ақ боранды күнінде дүниеге келген ақпа ақынның туғанына биыл 180 жыл толып отыр.

Адам мен табиғат үндестігі – қай заманнан бері жырланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Табиғат көрінісі көркем туындыда сан алуан мақсатта жұмсалып, тиісінше көркемдік қызметке бағытталатыны белгілі. Табиғатпен етене өскен ақынның шығармашылығында бұл тақырып та тыс қалмаған.

Көркем әдебиетті оқытуда туындыны тек әдеби тұрғыдан талдап қана оқытуды басшылыққа алу аздық етеді, көркем шығарманың берер тәрбиелік мәнін ескере отырып, оның адам жанына рухани ләззат сыйлауға, ізгілендіруге, болмысын кемелдендіруге, парасаттылыққа тәрбиелеуге, отансүйгіштік, елжандылық сезімдерін қалыптастыруға да септігі тиетінін елемеске болмайды. Елді сүйуге, жерді қадірлеуге, айналаңа, қоршаған ортаңа жана-шырлықпен қарауды үйрететін әдеби-көркем туындылардың арнасы ауыз әдебиетінен басталып, күні бүгінге дейін тоқтаусыз айтылып, жырланып келеді. Яғни көркем әдебиетті оқу арқылы оқушының дүниетанымын, қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарасын қалыптастыруға болады. Табиғат құбылысын, дүние сырын түсінуге ұмтылу адамзат өмірімен сабақтас десек, бұл тақырыпты жырлаудың да тарихы тереңде.

Жамбыл Жабаев шығармашылығында табиғат тақырыбының орын алуы заңды. Ақынның табиғаты әсем, келбеті көркем Жетісу өңірінде өмір кешіп, шығармашылықтың биік шыңына шыққаны мәлім. Жамбылдың «Алатау», «Жаздың өні», «Жаз», «Көктем», «Туған жерім», «Күн толғауы», «Балаларға тарту», «Шын жүректен» т.б. өлеңдерінде табиғат көрінісі бірде өлеңнің идеялық мазмұнын ашуға, келесіде табиғаттың эстетикалық образын жасауға, енді бірде адам мен табиғат қарым-қатынасын суреттеуге бағытталып, әсем-деле, өрнектеле түседі. Таби-

түр. Табиғат құбылысын ақындық көңілмен бақылап, сезімін әсерлі жеткізген. Абай орнықтырған кейіптеудің ақын өлеңдерінде өзгеше реңк алғанын, «Қалың ағаш жапырағы, Сыбырласып өзді-өзі» дейтін жолдармен үндесіп тұрғанын оқу-

дікі әлемге айғақ» деген «Балаларға тарту» өлеңінде жар салуы да ел тұтқасына ие болар жас ұрпақтың болашағына деген сенімнен деп түсіндіруіміз керек шәкірт санасына.

Ақын өлеңдеріндегі табиғат суреттері түрлі көркемдік-бей-

өдемі үйлесім тапқан. «Шын жүректен» өлеңіндегі табиғат көріністерін «түкті кілем түріндей», «қыздардың жиған жүгіндей», «қырдың қызыл гүліндей» деген теңеулер арқылы суреттесе, «мүйізі бұлт ілгендей», «желіні жерге тигендей» т.б. әсірелеулер ақын өлеңдеріне өзгеше леп қосқан. Заман тынысын, өзгерген өңір дидарын сомдауды табиғат құбылыстарымен байланыста қарастырып, фольклорлық сарындарды пайдалануда жаңашылдық тұрғысынан келгенін байқаймыз. «Жаз» деп аталатын өлеңдеріндегі табиғат байлығын суреттеу арқылы ел ырысының да мол болатынын жырлап, ондағы байлықтың елдің берекесіне, құтына айналатынына оқушысын сендіреді. Еңбектің маңызын жоғары бағалап, оны жеңістің кілтіне, сарқылмас күштің көзіне балап, «Тырна да солай тіл қатты, Сүй деді нәрлі жас құрақ, Сүй деді бұлақ сарқырап» деп толғауынан немесе «Күн толғауы» атты өлеңінде шұғылалы күнге жан бітіре «Нұрыңнан басқа елге де жылу жібер, Май күнін елімдегі сүйсін әлем» деп тіл қатуынан ақынның өзіне дейінгі көркемдік тәсілге шыр-рай кіргізіп, түрлендіріп, жаңаша мән, сипат дарытқаны деп түсінуіміз жөн секілді.

Жамбылдың әдеби-шығармашылық мұрасын тереңдетіп оқытуға арналған факультативтік сабақтар, арнаулы элективтік курстар барысында ақынның көркемдік әлемін, оның ғылыми мәнін тереңірек түсіндіруге, соның нәтижесінде сабақ жүргізудің түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, көркем әдебиетті ізгілендіре оқытуға, табиғат лирикасын оқытуда эстетикалық біліммен қатар, экологиялық саналылықты да жолға қоюға болатынын жадымыздан шығармауымыз керек.

Туған табиғатқа деген сүйіспеншілікті көркем шығарма арқылы ояту, тәрбиелеу мәселесі бүгінгі заман оқушысының дүниетанымына да аса қажет. Ол өлеңдердің бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге де қосар үлесі зор.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

Жамбыл – табиғат жыршысы



ғатты құрметтеуге, аялауға шақыруда, ізгілік, мейірім ұялатуда ақын өлеңдерінің орны ерекше.

Ақын «Алатау» өлеңінде Жетісу табиғатын, оның флорасы мен фаунасын жырлап қана қоймай, ауыздан дәмі кетпес жемістерін, суреттеуге тіл жетпес қазынасын шеберлікпен суреттейді. Өлеңнің оқушының эстетикалық таным-талғамын қалыптастыруға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға да әсері мол. Ақынның бұл өлеңін Жетісу табиғатын жырға қосқан өзге ақындардың өлеңімен сабақтастықта қарастыру да өз пайдасын тигізеді. Мәселен, көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» атты өлеңімен салыстыра отырып, қос ақынның өлке табиғатын жырлаудағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ажырата алуға, үйлесімділіктен сыр аңғаруға бейімдеп, дағдыландырған жөн. Ақын қолданған көркемдік бейнелеулердің қатарында Абайдан келе жатқан өдемі тәсіл – кейіптеудің де кездесетінін оқушы зердесіне ұялатып, салыстыра қарауға көңіл бөлген дұрыс. «Алатау Жетісумен құшақтасқан, Еліне қазыналы қойнын ашқан» немесе «Қарлы тау басы биік мұнар кетпес, Сырласып, бұлттарменен болған кетпес», болмаса «Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп, Жүреді бір-бірімен боп тілектес» деген жолдардағы ақын салыстыруы, жансыз табиғатқа жан бітіре суреттеуі айрықша байқалады. Сырласу адамға ғана тән дүние болса, ақын таудың ұшар басы бұлттармен сырласатынын байқап, яғни жансызға тіл бітіріп, өлеңнің поэтикалық қуатын арттырып

шыға нақты дәлелдеп, тереңіне бойлауға шақырамыз. Ақын ұғымындағы Алатау, Жетісу, Алматы атаулары, біздіңше, тек сол өлке, өңір ғана емес, қазақ атауымен төркіндес, Отан, атамекен сөздерімен мәндес, мағыналас. «Тауына Алматының көз жіберсем, Қара орман, бұрқыраған суын көрсем, Тұлғасы Алатаудың халқыма ұқсап, Қайратпен көтеріле түседі еңсем» дейтін өлең жолдарында ақбасты Алатауды қазыналы халқына ұқсатуынан көп сыр аңғарамыз. Табиғаттың таңғажайып көрінісін сырттан тамашалап қана қоймай, оқырманның ішкі жан әлеміне әсер ететін оның көркем бейнесін оқыту арқылы санасына сәулелі ой ұялату, ой дүниесі терең, мәдениетті, жаңа заман адамын тәрбиелеу де қоса жүзеге асырылуы тиіс. Ақынның «Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су, Бәрі де сендер-

нелеу құралдары арқылы жасалып, оқушыны әсемдікке баулып, өдемілікке құштар болуға итермелейді. Дыбыс қайталаушылық, эпитет, теңеу, синтаксистік параллелизм, әсірелеу, дамыту тәсілдері үйлесім тауып, ақынның ойы мен сезімі астасып, шебер қиюласады. Табиғат тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, ақын айтар ойымен, идеясымен жымдасып, бірігіп кеткен. Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне жетік, ежелгі дәуірден келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын шебер меңгерген ақын ондағы сарындарды да жаңашылдықпен игеріп, сәтті стильмен өрнектегенін оқушы танымына лайықтап, түсіндіріп, тиянақтап ұғындырған жөн. Лиро-эпостық дастандарда, батырлар жырында жиі кездесетін теңеу, әсірелеудің үлгілері Жамбылдың табиғат танудағы танымымен ұштасып,

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы еліміздің дамуында жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Бұл бастама білім мен ғылым саласына, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметіне тікелей әсер ететін маңызды стратегиялық шешім.

Бүгінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қоғам өмірінің барлық саласына терең еніп келеді. Білім беру жүйесінде бұл үрдіс оқыту әдістерінің жаңаруына, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға және студенттердің заманауи дағдыларды меңгеруіне кең мүмкіндік ашуда. Университеттер тек білім бере-

Цифрландыру – бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолы

тін мекеме емес, инновация мен жаңа технологиялардың орталығына айналуы тиіс. Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект, Big Data, цифрлық платформалар болашақ мамандар үшін негізгі құзыреттердің біріне айналуға. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарының цифрлық инфрақұрылымды дамытуы – уақыт талабы.

Президент атап өткендей, басты мақсат – адами капиталды нығайту. Бұл міндетті жүзеге асыруда университеттердің рөлі ерекше. Ғылыми әлеуетті арттыру, жас ғалымдарды қолдау, халықаралық тәжірибені



енгізу арқылы ғана цифрлық экономиканың берік негізін қалыптастыруға болады.

Білім мен ғылым саласындағы цифрландыру – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру-

дың сенімді жолы. Сондықтан жоғары оқу орындары жаңа технологияларды меңгерген, өзгерістерге бейім, ойы озық мамандарды даярлауға басымдық беруде.

Осындай мемлекеттік шараларды жүзеге асыруда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің оқытушы-профессорлар қауымы да қажетті IT-мамандар мен жас ғалымдарды даярлау үшін білімі мен ғылыми туындыларын және жігерлі еңбегін қосуды өздерінің азаматтық борышы деп санайды.

Гүлнұр ҒАЗИЗҚЫЗЫ,

ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің әлеуметтік-тәрбие жөніндегі декан орынбасары, PhD

Адам жанының көркем философиясы

Қазақ әдебиетінің тарихында Мұқағали Мақатаевтың алатын орны айрықша. Ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуы – ұлттық руханият үшін маңызды мәдени-әдеби оқиға. Бұл мерейтой Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын тек еске алу деңгейінде ғана емес, оның поэзиясын ғылыми-әдеби тұрғыдан қайта зерделеп, қазіргі заманның рухани-мәдени контекстінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Мұқағали Мақатаев – ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясын мазмұндық әрі көркемдік тұрғыдан жаңа сапалық деңгейге көтерген көрнекті ақын. Оның шығармашылығы ұлттық поэзия дәстүрінің сабақтастығын сақтай отырып, поэтикалық ойлау жүйесінде жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Ақын өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің ішкі рухани әлемі, адам болмысының құрделілігі, уақыт пен тағдыр категориялары терең философиялық пайымдаулар арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Мұқағали поэзиясының негізгі өзегі – адам және оның рухани болмысы.

Ақын лирикасына тән басты ерекшеліктердің бірі – шынайылық пен табиғилық. Мұқағали поэзияны жасанды пафосан арылтып, күнделікті өмір құбылыстарын терең көркемдік-эстетикалық деңгейге көтере білді. «Мен таулықпын», «Аққулар ұйықтағанда», «Фариза, Фаризажан» сияқты шығармалары ақынның дүниетанымын, көркемдік танымын және эстетикалық ұстанымын айқын танытады. Бұл туындыларда табиғат пен адам, жеке тағдыр мен қоғамдық болмыс өзара сабақтасып, тұтас көркемдік жүйе түзеді.



Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы философиялық ойлау жүйесі ерекше назар аудартады. Ақын өмірдің мәні, адам жауапкершілігі, уақыттың өткінішілігі сынды мәңгілік мәселелерді көтере отырып, экзистенциалдық ой-толғамдарды ұлттық дүниетаныммен

біріктіріп, адамгершілікке, рухани тазалық пен азаматтық жауапкершілікке үндейді. Ақын мұрасын оқу мен ғылыми тұрғыдан талдау әдеби-эстетикалық талғамды қалыптастырып қана қоймайды, оқырманның азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал етеді. Мұқағали жырлары – ұлттық болмысты, ана тілі мен мәдениетті терең түсінудің көркемдік мектебі.

органикалық байланыста беріледі. Оның өлеңдерінде адам жеке тұлға ретінде қоғамнан оқшау қарастырылмайды, керісінше, әлеуметтік орта мен қоғамдық жауапкершілік аясында пайымдалады. Осы тұрғыда Мұқағали поэзиясы көркем шығарма болумен қатар, рухани-этикалық бағдар қызметін де атқарады.

Сонымен бірге Мұқағали Мақатаевтың талдық шеберлігі – ғылыми талдауға лайық маңызды қырлардың бірі. Ақын қазақтың бай ауыз әдебиеті мен дәстүрлі поэтикалық құралдарын шығармашылықпен игере отырып, поэзия тілін жаңа мазмұнмен байытты. Қарапайым лексикалық бірліктер арқылы терең философиялық мағына беру, метафора мен символиканы ұлттық мәдени кодтармен ұштастыру – оның поэтикалық стиліне тән басты белгілер. Бұл ерекшеліктер Мұқағали жырларының оқырманға әсерлі әрі түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде Мұқағали Мақатаев шығармашылығының тәрбиелік және танымдық маңызы да арта түсуде. Оның поэзиясы отансүйгіштікке, адамгершілікке, рухани тазалық пен азаматтық жауапкершілікке үндейді. Ақын мұрасын оқу мен ғылыми тұрғыдан талдау әдеби-эстетикалық талғамды қалыптастырып қана қоймайды, оқырманның азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал етеді. Мұқағали жырлары – ұлттық болмысты, ана тілі мен мәдениетті терең түсінудің көркемдік мектебі.

Жасұлан БАЙҒАРАЕВ,
тарих пәнінің оқытушысы

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тек қазақстандық емес, шетелдік жастар үшін де тартымды білім ордасына айналып отыр. Соның айқын дәлелі – Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласынан келген 4-курс студенті Дмитрий Васильев. Ол ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде білім алып, хинди тілін меңгеруде.

Дмитрийдің айтуынша, Қазақстандағы жетекші университеттердің бірі саналатын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдауына оқу орнының академиялық беделі мен шығыстану саласындағы мықты ғылыми мектебі әсер еткен.

– Мен Санкт-Петербург қаласынан келіп, осы университетте «Шығыстану» мамандығы бойынша білім алдым. Университеттің оқу бағдарламасы, тәжірибелі оқытушылар құрамы және халықаралық бағыттағы пәндер мені бірден қызықтырды, – дейді ол.

Студенттің таңдауы хинди тіліне түсуі де кездейсоқ емес. Оның айтуынша, Үндістанның бай мәдениеті, көне тарихы мен философиялық дүниетанымы жас зерттеушінің ғылыми қызығушылығын оятқан.

– Хинди тілі – қарым-қатынас құралы ғана емес, тұтас бір өркениеттің кілті. Бұл тілді меңгеру арқылы үнді халқының рухани әлемін, салт-дәстүрін тереңірек түсінуге болады, – деп ойымен бөлісті Дмитрий.

Тартымды білім ордасы



Қазақстанда оқу студентке кәсіби білім ғана емес, жаңа мәдени ортаға бейімделу тәжірибесін де берген. Ол қазақ халқының қонақжайлығы мен ашық мінезін ерекше атап өтті.

– Мұнда өзімді бөтен сезінбедім. Адамдар өте жылы шырайлы, көмектесуге әрдайым дайын. Бұл шетелдік студент үшін аса маңызды, – дейді ол.

Ол хинди тілін меңгеру барысында белгілі бір қиындықтар да болғанын жасырмайды. Әсіресе тілдің грамматикалық құрылымы мен деванагари жазуы бастапқы кезеңде күрделі көрінген.

– Дегенмен жүйелі оқу мен оқытушылардың қолдауының арқасында бұл қиындықтарды жеңуге болады, – дейді студент.

Осы студенттік жылдарда Д.Васильев жас ғалымдарға арналған «Фараби әлемі» конференциясына қатысып, 2-орын иеленіп, өзінің ғылымға деген ерекше қабілетін көрсетті. Болашақта Дмитрий Үнді-

стан мен Орталық Азия елдері арасындағы мәдени-тілдік байланыстарды зерттеп, халықаралық білім беру немесе аударма саласында еңбек етуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта шетелдік студент Астана қаласында Үндістан Республикасының Қазақстандағы елшілігінде өндірістік тәжірибеден өтіп, Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығында хинди тілінен сабақ беріп жүр. Сөз соңында ол Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алғысы келетін шетелдік жастарға кеңесін де айтты.

– Ең бастысы – таңдаған мамандыққа қызығушылық танытып, жаңа мәдениеттерге ашық болу. Бұл университет сапалы білім алып қана қоймай, тұлға ретінде қалыптасуға үлкен мүмкіндік береді, – деп түйіндеді ойын Дмитрий.

Бота БОКУЛЕВА,
Зәуре ИСКАКОВА,
шығыстану факультетінің аға оқытушылары



Көшпелілердің әскери ісін зерттеуші

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің 1990 жылғы түлегі, тарих ғылымының кандидаты, доцент Арман Жұмаділ мерейлі 60 жаста. Ол 1966 жылы 27 ақпанда Алматы қаласында белгілі қаламгер, жазушы Қабдеш Жұмаділовтің отбасында тұңғыш сәби ретінде дүниеге келеді. Қаладағы №12 орта мектептің түлегі. Мектептен соң университетке түсіп, арасында екі жыл әскери борышын өтеп, одан кейін оқуын жалғастырып, 1990 жылы «тарихшы және қоғамтану пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шығады. 1990-93 жылдары ол ҚР ҰҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтында ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастады. 1993 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетіне, өзі маманданған Қазақстан тарихы кафедрасына оқытушылық қызметке ауысты.

Арман Қабдешұлы алғашында қазіргі кезеңдегі этнология мәселелерімен айналысса, тарихи тақырыптарға роман жазып жүрген әкесі Қабдеш Жұмаділовтің кеңесімен Отан тарихының мәселелеріне мойын бұрады да, «Ежелгі және орта ғасырлардағы Ұлы дала көшпелілерінің әскери ісі мен қару-жарақтары» атты тақырыпты таңдайды. 2010 жылы «Евразия көшпелілері әскери ісінің тарихнамасы» атты тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Алғашқы ғылыми жетекшісі – профессор Д. Дулатова, ол марқұм болғаннан кейін профессор Т. Омарбеков болды.

Ол бірнеше монографияның және 100-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы. Олардың ішінде «Евразия көшпелілерінің әскери ісі: тарихнамалық талдау». / Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 272 бет. (орыс тілінде); «XVI ғасыр мен XVII ғасырдың алғашқы отыз жылындағы қазақ-жоңғар саяси-әскери қарым-қатынастары». Алматы: – 2015. (орыс тілінде) еңбектерінің маңызы зор. Сонымен бірге Арман Қабдешұлы «Көшпелілердің әскери ісіне қатысты далалық құқық нормалар мен әдет-ғұрыптар», «Қазақтардың әскери ісі», «Становление Российской дореволюционной историографии кочевников Евразии», «Бабалар даңқына лайық болайық», «Роль степной военной школы в мировой истории», «Қазақтардың әскери ісі мен қару-жарағы» және тағы басқа көптеген қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған ғылыми мақалалардың авторы. Бұл еңбектер Арман Қабдешұлын ғылыми ортада зерттеуші маман ретінде мойындатты.

Арман Жұмаділ ұзақ жылдар университеттің тарих факультетінде, университет көлемінде басшылық қызметтер атқарды. Ол он шақты жыл тарих факультетінде профессор Ж. Таймағамбетов, профессор А. Алтаев декан қызметтерін атқарған кезде декан орынбасары болды. Тіпті бірнеше рет уақытша декан міндеттерін де атқарды. Ал 2014-16 жылдары тарих факультетінің деканы болды. Сонымен қатар университеттегі оқытушы-профессор құрамының «Парасат» кәсіподағы төрағасының орынбасары қызметін қоғамдық негізде абыроймен қоса атқарды.

Қазіргідей интернет дамыған заманда әлеуметтік желі жаңа бір ақпараттық, идеологиялық, мәдени-рухани, тіпті керек десеңіз, ғылыми кеңістіктерді қалыптастырып, қоғамдық ой-сана мен қоғамдық пікірлерге қатты әсер етіп отыр. Тарихшы Арман Қабдешұлы да өзінің оқытушылық-ғылыми жұмыстарымен қатар, осы кеңістікте екі тілде қазақ тарихына, оның ішінде өзекті, даулы мәселелер бойынша өзіндік ойларын білдіріп, керек десеңіз, өте шовинистік, евроцентристік тұрғыдағы пікірлерге қарсы ойлар айтып, ұлттық намысты қорғап жүр. Оның өзекті тарихи тақырыптарға арналған сұхбаттары, хабарламаларына көпшілік ерекше назар аударып, қызыға көріп, риза болуда.

Қазіргі таңда Арман Қабдешұлы «Жазушы Қабдеш Жұмаділов атындағы Халықаралық қордың» төрағасы міндетін атқарады. Бұл істі өке аманатына адалдық деуге толық негіз бар. Осы жолда Арман Қабдешұлына табыстар мен жеңістер тілейміз!

Берекет КӨРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі

Межкультурная коммуникация в научно-образовательном пространстве

Современный университет сегодня является не только пространством передачи знаний, но и территорией активного диалога культур, языков и научных идей. В этом контексте межкультурная коммуникация становится важным фактором интеграции образования и науки, расширения академического и культурного взаимодействия.



На филологическом факультете КазНУ имени аль-Фараби уже десять лет успешно функционирует Центр межкультурной коммуникации и мировых языков. За годы своей деятельности Центр стал значимой научно-образовательной площадкой, объединяющей преподавателей, студентов и молодых исследователей, заинтересованных в развитии языкового образования и межкультурного диалога. Деятельность Центра направлена на формирование коммуникативной культуры обучающихся, способности к продуктивному межкультурному взаимодействию и профессиональному использованию мировых языков в академической и социальной среде. Язык здесь рассматривается не только как средство общения, но и как ключ к пониманию культурных ценностей и особенностей мышления разных народов.

Как подчеркивает декан филологического факультета Джолдасбекова Баян Умирбековна: «Центр межкультурной коммуникации и мировых языков является важной частью научно-образовательного пространства факультета. Его деятельность способствует интеграции образовательного процесса и научных исследований, формированию профессиональной языковой личности и развитию межкультурного диалога, что соответствует стратегическим задачам университета».

Директор Центра Бегалиева Сауле Баязовна отмечает, что за годы работы Центр стал устойчивой платформой для объединения науки и образования: «Мы стремимся к тому, чтобы изучение мировых языков сопровождалось глубоким пониманием культуры и ценностей других народов. Участие студентов и преподава-

телей в научных проектах, конференциях и международных инициативах способствует формированию межкультурной компетентности, востребованной в современном мире».

Центр межкультурной коммуникации и мировых языков функционирует на филологическом факультете КазНУ имени аль-Фараби с 2015 года. Основные направления деятельности – языковое образование, межкультурная коммуникация, научно-исследовательская и методическая работа, международное сотрудничество. Важным направлением деятельности Центра остается научно-исследовательская работа: проведение семинаров, круглых столов, конференций, а также вовлечение студентов и магистрантов в исследовательскую деятельность. Это способствует развитию академической культуры и профессионального роста будущих специалистов. Кроме того, ресурсы Центра активно применяются на занятиях с иностранными студентами, для которых участие в научных мероприятиях – отличная возможность практиковать русский язык и совершенствовать навыки устных выступлений и межкультурной коммуникации.

Юбилей Центра – это не только повод подвести итоги, но и возможность наметить перспективы дальнейшего развития. В условиях глобализации межкультурная коммуникация и мировые языки продолжают играть ключевую роль в формировании современного научно-образовательного пространства, а деятельность Центра вносит значимый вклад в развитие филологического образования КазНУ имени аль-Фараби.

Сауле ИСАЛИЕВА,
ст. препод. кафедры
русской филологии
и мировой литературы
филологического
факультета

Экологи проходят практику в Институте зоологии



просам сохранения редких и исчезающих видов, занесенных в Красную книгу.

Практика позволяет студентам не только закрепить теоретические знания, полученные в университете, но и увидеть реальную научную работу изнутри. По словам сотрудников института, подобные программы играют важную роль в подготовке квалифицированных кадров. Институт зоологии традиционно под-

держивает сотрудничество с высшими учебными заведениями, предоставляя студентам возможность погрузиться в научную среду и приобрести практические навыки.

Завершая практику, студенты выразили благодарность наставникам за ценный опыт и профессиональную поддержку. Полученные знания и навыки станут прочной основой для их дальнейшей учебы и будущей карьеры в сфере экологии и охраны природы.

Прохождение практики в Институте зоологии – это не только важный шаг на пути к профессии, но и вклад в формирование нового поколения специалистов, способных решать актуальные экологические задачи Казахстана.

Гульжанат ТАНАБЕКОВА,
ст. препод. кафедры ЮНЕСКО
по устойчивому развитию



Инклюзивное образование: равные возможности для всех

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби преподавателями кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров была организована встреча студентов 2–4 курсов факультета химии и химической технологии на тему «Инклюзивное образование: равные возможности для всех». Мероприятие прошло при участии специалистов по воспитательной работе Центра «Инклюзивная среда» КазНУ.

Сегодня вопросы инклюзии приобретают особую актуальность. Согласно официальным данным Министерства просвещения РК, в Казахстане более 94 тысяч детей обучаются в инклюзивной образовательной среде, а свыше 95% школ страны создают условия для обучения детей с особыми образовательными потребностями. Эти показатели свидетельствуют о последовательной государственной политике, направленной на обеспечение равного доступа к качественному образованию для всех.

Особое внимание вопросам инклюзии уделяется и в системе высшего образования. В соответствии с государственными программами развития образования, к 2025 году не менее 70% вузов Казахстана должны создать полноценные условия для обучения студентов с особыми образовательными потребностями. В университетах формируется безбарьерная среда, совершенствуется архитектурная доступность зданий, открываются центры инклюзивной поддержки, внедряются адаптированные образовательные программы и современные цифровые технологии. Проводится повышение квалификации преподавателей, развивается психологическое и академическое сопровождение студентов. Все это направлено не только на обеспечение равного доступа к высшему образованию, но и на успешную социализацию и профессиональную реализацию молодежи.

Спикерами встречи выступили специалисты по воспитательной работе Центра «Инклюзивная среда» КазНУ – Сайлауов Асет, Рахимова Аделияханым и Турлыкожа Темирлан. В ходе мероприятия они провели содержательную разъяснительную беседу со студентами, подчеркнув, что инклюзия – это не только вопрос состояния здоровья. Инклюзивность касается каждого человека, поскольку в разные периоды жизни любой может оказаться в уязвимой ситуации – социальной, экономической или психологической.

В формате живого диалога студентам были заданы вопросы: что они знают об инклюзии, сталкивались ли с примерами

инклюзивной среды, считают ли важным создание равных условий в образовательном пространстве. Такой подход позволил вовлечь аудиторию в обсуждение и сделать встречу максимально интерактивной и практико-ориентированной.

Особый интерес у студентов вызвали объединяющие игры и интерактивные задания, направленные на развитие эмпатии, взаимопонимания и навыков командной работы. Практические упражнения помогли участникам глубже осознать ценность взаимной поддержки, уважения к различиям и ответственности за формирование благоприятной образовательной среды.

Проведённое мероприятие напрямую связано с реализацией Целей устойчивого развития:

ЦУР 4 – Качественное образование, предусматривающее обеспечение инклюзивного и справедливого образования;

ЦУР 10 – Сокращение неравенства, направленное на создание равных возможностей для всех;

ЦУР 16 – Мир, справедливость и эффективные институты, формирующие культуру уважения, толерантности и социальной ответственности.

Организаторы встречи Рахметуллаева Р.К., Токтабаева А.К. и Аликулов А.Ж. отметили, что формирование инклюзивной культуры в университете является важным шагом на пути к построению справедливого и устойчивого общества. Подобные мероприятия способствуют развитию социальной зрелости студентов, укреплению ценностей гуманизма и созданию атмосферы взаимного уважения в академическом сообществе.

Формирование инклюзивной среды – это не разовая акция, а системная работа, требующая участия каждого. Именно через просвещение, открытый диалог и совместную деятельность формируется поколение специалистов, готовых строить общество равных возможностей.

Перизат УРКИМБАЕВА,
Зарина КЕНЕСОВА,
преподаватели кафедры химии
и технологии органических
веществ, природных
соединений и полимеров

Студенты-экологи проходят производственную практику в Институте зоологии – одном из старейших и авторитетных научных учреждений республики в области изучения животного мира и сохранения биоразнообразия. Практика является важным этапом профессионального становления будущих специалистов в сфере охраны окружающей среды.

В течение нескольких недель студенты работают бок о бок с научными сотрудниками института, знакомятся с современными методами полевых и лабораторных исследований, принимают участие в обработке научных материалов и изучении коллекционных фондов.

Под руководством опытных зоологов и экологов будущие специалисты осваивают методы учета численности животных, учатся работать с микроскопическим оборудованием, проводить морфологический анализ образцов. Отдельное внимание было уделено во-

Баспасөз хатшыларының отырысы өтті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жоғары оқу орындарының баспасөз хатшыларының отырысы өтті.

Басқосуды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашты. Білім ордасының басшысы өз сөзінде: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, жоғары оқу орындары білім және ғылыммен қатар, инновацияны дамытып, ғылым жетістіктерін өндіріс пен қоғам игілігіне бағыттауы тиіс. Бұл – елдің тұрақты дамуының маңызды шарты», – дей келе, осы үдерісте университеттердің баспасөз қызметіне үлкен жауапкершілік жүктелетінін жеткізді.



Ректордың айтуынша, жаңа Конституция жобасында сөз бостандығы мен БАҚ еркіндігі сақталып, ақпарат алу және тарату құқығына кепілдік берілуі ашық қоғам құруға негіз болады. Жансейіт Қансейітұлы бүгінде университет беделі тек рейтингпен емес, оның ақпараттық кеңістіктегі имиджімен де өлшенетініне маңыз берді. Сондықтан цифрландыру дәуірінде баспасөз хатшылары мен медиа мамандар сапалы контент ұсынып, оқу орны мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуы тиіс.

Шарада Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Қоғаммен байланыс департаментінің директоры – баспасөз хатшысы Арман Жүнісов баяндама жасады. Ол бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл форматтарына кеңінен тоқталып, конституциялық реформаларды кешенді медиа сүйемелдеу тәсілдерін таныстырды.

Сондай-ақ кездесу барысында ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаментінің Талдау, мониторинг және БАҚ-пен өзара іс-қимыл басқармасының басшысы Қарлығаш Қалыбекқызы университет жаңалықтарын жедел әрі шынайы түрде тарату, академиялық жетістіктерді кеңінен насихаттау мәселелеріне тоқталды.

Баспасөз хатшылары өз кезегінде университеттердің медиа кеңістіктегі ықпалын арттыруға қатысты сауалдар қойып, бірқатар нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Сондай-ақ коммуникация мамандары университеттің Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметі, «Қашықтықтан зондау технологиясы және оларды қолдану» Қазақстан – Қытай бірлескен зертханасы мен Farabi суперкомпьютер ғылыми әлеуетімен танысты. Қонақтар KUKA Robotics, HUIBO Robotics, Farabi hub орталығында болып, ғалымдармен пікір алысты.

**Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында
басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №381

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.